



АҚПАН АЙЫ

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы	«Балалар қылмысы: ұрлық пен бопсалау»	Тәрбие сағаты	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
			«Құқықтық сауаттылық - заман талабы»	Әңгіме - сұхбат	8-9 сыныптар	Сынып жетекшілер
2	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Жұлдызды сәт» салт-дәстүрдің ең үздік білгірі	Сайыс	7-8 -сыныптар	Құмакбаева З
3	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Қазақтың лирик ақыны М.Мақатаевқа арналған апталық	Апталық	2-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы – орта мектеп»	«Бақытты отбасы-зорлық зомбылықсыз әлем»	Әңгіме, кеңес	8-11 сыныптар	Қалжанова А
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Еңбек елдің мұраты» жобасы	«Ізденіс, еңбек, талпыныс- жетістік кілті	Кездесу	9-11 сыныптар	Тулегенова А
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ	«Дебат» қозғалысы	«Өзіңді тану-өмірді тану»	Шкірталас	10-сыныптар	Кәдірбек А

	ТӘРБИЕСІ					
7	КӨНМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ	«Мектептің өзін өзі басқаруы» жобасы	«Адам бойында бәрі де адемі, сұлу болуға тиіс»	Қыздар кеңесі	8-11 сынып қыздары	Қошанова И
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Отбасылық эстафеталық ойындар»	Жарыс	5-6 сыныптар	Аяганов Д Сатқаров А
			«Денсаулық – ең басты қажеттілік»	Ойталқы	7-8 сыныптар	Мектеп дәрігері

Анықтама

Сүлүкөл ЖОББМ-инде Наурыз айында « Рухани –адамгершілік тәрбие » бағытының « Адамға қуаныш сыйла » акциясы бойынша 1-наурыз –Алғыс айту күніне байланысты іс-шаралар өткізілді.1-наурыз Алғыс айту күніне орай 1-11 сынып аралығында тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/Caho0M4q8bW/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CahpcVWqPO4/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CahpswKqxtp/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/CalYvY8o2Ly/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

« Ризашылық » мейірімділік акциясы барысында « Қоғамға қызмет » еріктілер клубы мүшелері және мектепшілік « Тарлан » дебаттық клубы белсенділерінің, мектеп парламенті мүшелерінің қатысуымен қайырымдылық шарасы өткізілді. Түскен ақшаға балаларға тәтті үлестірілді.

<https://www.instagram.com/tv/Caj35kDIRJj/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектеп Парламенті мүшелері Алғыс айту күніне безендіру жұмыстарын жасап, мектеп қызметкерлерін құттықтады.

<https://www.instagram.com/tv/CakGExz11AH/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/CakGjidovVI/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектебімізде құрылған « Сымбат » аналар клубы мен « Ақ әже » әжелер мектебі мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар би билеп, ән салды. Оқушылар сыйлықтарын аналарына сыйлады. Аналарымыз кездесуде тәлімі мол әңгімелермен ой бөлісті.

<https://www.instagram.com/p/CauSUmEr0ZN/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

8-наурыз Халыкаралык әйелдер күніне орай мектебімізде тәрбие сағаттары өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CauSq0OrXD/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CauSq0OrXD/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Ақтөбе облысының нөмірі 2/705 шығыс хатына орай сынып жетекшілер « Ұрпақ саулығы – ұлт саулығы » атты тәрбие сағаттарын өткізді. Мектеп психологы танымдық видео көрсетіп, дөңгелек үстел өткізді.

<https://www.instagram.com/p/Ca9FYgEI6rL/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Мектебімізде наурыз мерекесі қарсаңында өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес « Көрісу күні » атты тәрбие сағаттары мен іс-шаралар өткізілді.

https://www.instagram.com/p/CbKNY_doyxw/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

https://www.instagram.com/p/CbKNY_doyxw/?igshid=YmMyMTA2M2Y=

<https://www.instagram.com/tv/CbH44Wmo5X7/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/CbJnQYTqYo7/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/CbO71QvoAVh/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/tv/CbO71QvoAVh/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CbUR6Uxq9Aa/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CbUTy08qiCs/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

<https://www.instagram.com/p/CbUUXzyq-e/?igshid=YmMyMTA2M2Y=>

Анықтама беруші:



Жумагулова С.



НАУРЫЗ - «Қазақстанның ұлттық дәстүрлері мен мәдениеті»

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні
- 22 наурыз - Наурыз мейрамы
- 27 наурыз - Дүниежүзілік театр күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы	«Мемлекеттік қызмет – елдің мүддесіне адал еңбек»	Эссе конкурсы	8-9 сыныптар	Құлбарак Қ Сынып жетекшілер
			«Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі»	Тәрбие сағаты	10-11 сыныптар	Ақылбекова А Қалжанова А
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Адамға қуаныш сыйла» акциясы	1 наурыз – Алғыс айту күні «Алғыс – бұл ...»	Тәрбие сағаты	1-11 сыныптар	Құлбарак Қ Жұбатқан Г Сынып жетекшілер
			«Наурыз-бірліктің, еңбектің, татулықтың, ізгіліктің мерекесі» мерекелік іс-шара	Мерекелік Концерт	Наурыз	Жумагулова С Құлбара Қ Сынып жетекшілер

			«Наурызым – күт берекем!»	Ашық тәрбие сағаттары	5-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
			«Қош келдің, әз Наурыз!»	Тәрбие сағаттары	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Анама арнаймын»	Акция	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
			«Атадан-өсет, анадан-қаснет» <i>(тәйіым сөздердің мағынасы)</i>	Зияткерлік ойындар	8-9 сыныптар	Құмакбаева З Тулегенова А
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Еңбек-елдің мұраты» жобасы	«Мамандықтар әлемін ашамыз»	Форум	1-4 сыныптар	Сынып жетекшілер
			«Халқымыздың батыр қыздары туралы деректер»	Онлайн – викторинасы Сайыс	5-8 сыныптар 9-11 сыныптар	Танай Ж Сынып жетекшілер Қошанова И Сынып жетекшілер
6	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРИЕСІ	«Дәстүр мен гұрып» жобасы	«Сырласайық сырғалым» <i>/Жеңе мен қайынсіңілінің қатысуымен/</i>	Мерекелік іс-шара	9-11 сыныптар	Жумагулова С Құлбарак Қ Сынып жетекшілер
			8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай «Әлем бесігін тербететін жан-АНА»	Мерекелік іс-шара	9-11 сыныптар	Жумагулова С Құлбарак Қ Сынып жетекшілер
7	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	Дүниежүзілік туберкулезбен күрес күніне орай «Ауырмаймын десен...»	Бюллетень сайысы	1-4 сыныптар	Мектеп дәрігері Сынып жетекшілер
			«Білімгер»	Қазақ ойындары брейн-рингі	9-11 сыныптар	Қалжанова А
			«Ұлттық ойын- ұлт қазынасы»	Қазақтың ұлттық ойындары	5-7 сыныптар	Сатқаров А
8	Ұлттық тәрбие	«Дәстүр мен гұрып» жобасы	«Қазақ ақыны А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына кеш	кеш	8-11 сыныптар	Құлбарак Қ



СӘУІР АЙЫ

- 12 сәуір-Ғылым күні
- Адамның ғарышқа ұшқанына – 63 жыл

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Батырлардың ерлігіне жүрегіңмен жақсында»	Кездесу	5-9 сыныптар	Салмағанбетов Қ
			«Өрле Қазақстан»	Патриоттық әндер байқауы	1-4 сыныптар	Құлбарак Қ
			12 сәуір- Ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ!» атты іс-шаралар	дөңгелек үстел, тәрбие сағаттары	5-10 сыныптар	Құлбарак Қ Сынып жетекшілер
2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Достық - көмекпен мықты»	Идеялар аукционы	5-9 сыныптар	Кәдірбек А
		«Адал friends» жобасы	«Біз бәріміз бірдейміз!»	Толлеранттылық сабағы	9-11 сыныптар	Сынып жетекші.

3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»	Сән апталығы	1-11 сыныптар	Ақылбекова А
			«Ұмыт болған ұлттық тағамдар»	Бейне түсірілім	8-11 сыныптар	Құмакбаева З
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Шаңырақ» жобасы	«Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!»	Бейне көрсетілім	1-4 сыныптар	Құлбарак Қ Сынып жетекшілер
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет» жобасы «Үнем - қоғам қуаты» жобасы	«Табиғат тамашалары»	Суреттер байқауы	5-6 сыныптар	Танай Ж
			«Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?»	Дебат	Клуб мүшелері	Кәдірбек А
6	ЗИЯТКЕРЛІК ТӘРБИЕ, АҚПАРАТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ТӘРБИЕСІ	«Дебат» қозғалысы	«Жаз айларында сақтық шараларын сақтай білеміз бе?»	Дебат	9-10 сыныптар	Кәдірбек А
7	КӨПМӘДЕНИЕТТІК ЖӘНЕ КӨРКЕМ- ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІ	«Дәстүр мен ғұрып» жобасы	«Шеберлер қаласы: ата-бабаларымыздың мұрасын сақтаймыз және көбейтеміз»	Өлкетану сәндік-қолданбалы шығармашылығы	8-9 сыныптар	Сынып жетекшілер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	7 сәуір – Дүниежүзілік Денсаулық күніне орай «Дені сау ұрпақ-ел болашағы»	Мамандармен кездесуі	1-7 сыныптар	Құлбарак Қ



МАМЫР– «Ұлттық бірлік, бейбітшілік және тұрақтылық»

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр-Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні

№	Тәрбие жұмысының бағыттары	Іске асырылу жобалары	Іс-шара атаулары	Өткізілу формасы	Қатысушылар	Жауапты орындаушылар
1	ЖАҢА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ МЕН АЗАМАТТЫЛЫҚТЫ ТӘРБИЕЛЕУ, ҚҰҚЫҚТЫҚ ТӘРБИЕ	«Мектептің өзін өзі басқаруы»	7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай апталық «Жас сарбаздар шеруі» Ұлы Жеңіс мерекесіне арналған «Патриот» апталығы /арнайы жоспар/	Саптық шеру Апталық	5-11 6-10 сыныптар 1-11 сыныптар	Құлбарак Қ Салмағанбетов Қ Салмағанбетов Қ

2	РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы	«Ә.Бөкейхановтың 155 жылдығына орай кеш»	кеш	9-11 сыныптар	Сынып жетекшілер Тулегенова А
		«Музей күні» жобасы	«18 мамыр Музей күні» онлайн саяхат	Онлайн саяхат	8-10 сыныптар	Танай Ж
3	ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ	«Адал ұрпақ – саналы ұрпақ» жобасы	«Тарихтан тағылым- өткенге тағзым» <i>/31 мамыр – саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні /</i>	Тәрбие сағаты	1-4 сыныптар	Бекмырза А Қарабалина Г
4	ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Оқуға құштар мектеп» жобасы «Отбасы-орта мектеп» жобасы	«Оқырмандар отбасы» «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» жасөспірімдердің денсаулығы мен қауіпсіз мінез-құлқы мәселелері бойынша ата-аналармен оқушылардың бірлескен сыныптар бойынша профилактикалық апталығы	Апталық	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер
5	ЕҢБЕК, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ	«Үнем - қоғам қуаты» жобасы	«Бір реттік ыдыстардың пайдасы мен зияны туралы»	Пікірталас	7-9 сыныптар	Сынып жетекшілер Әбдуәлиева А
6	Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі	«Өнегелі бір сағат» жобасы	«Ұстазға алғыс»	Бейне блогтар челленджі	10-11 сыныптар	Қалжанова А Ақылбекова А
7	Көбімәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбиесі	«Рухани жаңғыру» бағдарламасы	«Ынтымағы жарасқан, туған өлкем - Қазақстан» <i>/1 мамыр -Қазақстан халықтарының бірлігі күні/</i>	Фестиваль	1-10 сыныптар	Жумагулова С Құлбарак К

			«Сыңғырла, соңғы қоңырау-2022» «Қош бол, алтын ұя, мектебім» (мектеп түлектерінің аттестат алу кеші)	Салтанатты жиын	9-11 сыныптар	Қалжанова А Сынып жетекшілер
8	ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ, САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ	«Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы	«Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары»	Танымдық сабақ	1-11 сыныптар	Сынып жетекшілер

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары

Жумагулова.С.

Сұлуқөл ЖОББМ 2021-2022 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының

Есебі

Тәрбие жұмысы Білім және ғылым министрінің 2019 ж 15 сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-25 жылдарға арналған бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және тәсілдеріне құрылған жұмыс жоспары негізінде жүргізілді.

Тәрбиенің басым бағыттары

Тәрбие бағыттары 8 бағыттан және 12 жобадан тұрады. Барлық сынып жетекшілер тәрбие жоспарларын осы бойынша жасатып, бекіттірді. Тәрбиелік шаралар «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша 1 қыркүйекте «Кел, балалар, оқылық!» және «Тәуелсіздік жетістіктері» сабақтарымен басталды. «Менің әлемім-сұлулық пен мейірімділік әлемі» тақырыбында жоспарға сай Г.Өтеген сабақ жүргізді. Мектеп тәлімгері Қ.Құлбарақ мектеп парламенті мүшелерімен отырыс өткізіп, міндеттермен таныстырды. «Қамқорлық» акциясы барысында мектеп мұғалімдері демеуші болып, бірнеше оқушыға оқу құралдары таратылды. Отбасы күніне тәрбие сағаттары өткізілді. «Аналар кеңесі» мен «Әкелер кеңесі» құрылды. Ұстаздар күніне орай «Ұлылықтың басында ұстаз тұрар» атты мерекелік кеш өтті. 1 қазан қарттар күніне Жасұлан мүшелері мектеп тәлімгері Қ.Құлбарақпен барып қарияларды құттықтады. Қ.Аманжоловтың 110 жылдығына арналған мектеп тәлімгері Қ.Құлбарақ пен мектеп психологы Г.Жұбатқан ұйымдастырған поэзия кеші өтті. Жоспарланған ашық тәрбие сағаттарынан А.Ақылбекова мен А.Кәдірбектің сабақтары өтті. Жолда жүру ережесіне байланысты бастауыш сыныптарда тәрбие сағаттары өткізілді. «Ниет» еріктілер клубының жетекшілері З.Құмақбаева мен А.Әбдуәлиева «Мен туған өлкемнің тазалығына үлес қосамын» челленджіне қатысты. Оқушылардың электр тоғымен зақымдануының алдын алу мақсатында А.Кәдірбек пен А.Ақылбекова тәрбие сағаттарын өткізді. Қазақстан республикасының 30 жылдығын мерекелеу аясында 30 қайырымды іс шарасы шеңберінде «Гүл отырғызу-ғаламшарды көркейту» А.Ақылбекова 9-11 сыныптармен іс шара өткізді. «Біз біргеміз» Таза әлем экологиялық жобасын «Жас Ұлан» ұйымының белсенділері қолдап, ағаш отырғызды. Кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алуға байланысты мектеп психологы Г.Жұбатқан қыздар арасында тренинг өткізді. Кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалдық сипаттағы қылмыстарды анықтау, жолын кесу және тұрмыстық зорлық зомбылықтың алдын алу мақсатында мектеп фельдшері Қ.Өміртай қыз балаларға дәріс оқыды. 11 қазанда Халықаралық қыздар апталығы ашылып, жұмыстар жүргізілді. 18 қазанда Рухани келісім күніне орай «Рухани келісім күні-тұрақтылықтың іргетасы» атты апталық өтті. Мектеп оқушыларынан құрылған

«Тарлан» дебат клубы клубы құрылып, жетекшісі А.Кәдірбек отырыс өткізіп, дебат мүшелері жаңа құраммен танысып, жұмыс жоспарын талқылады. Мектепте сонымен қатар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында «Адал ұрпақ» клубы бар, жетекшісі Қ.Құлбарақова. Токсан соңында жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді. Онда жалпы тәртіп нормалары және І тоқсан қорытындысы айтылды.

II тоқсанда «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы бойынша дебат клубының жетекшісі А.Кәдірбек 8-11 сыныптар арасында «Қоғамдық тәртіп негіздері» тақырыбында дебат өткізді. 1-сынып жетекшісі О.Сәрсенбайұлы «Мен кіші Отанымның патриотымын» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. 5-6 сыныптар арасында А.Кәдірбек пен А.Әбдуәлиева «Менің әлемім сұлулық пен мейірімділік әлемі» атты тәрбие сағаттарын өткізді. 7-8 сыныптар арасында З.Құмақбаева «Адамды досына қарап таны» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсаринге арналған Қ.Құлбарақова «Ұлы даланың ұландары» атты танымдық сағат өткізді. 11 сыныпта А.Қалжанова «Әлеуметтік желіні пайдалана аламыз ба?» атты ашық тәрбие сағатын өткізді. Желтоқсан айында «Бейбіт күннің батыры» атты барлық сыныптарда тәрбие сағаттар өтті. 9-сынып жетекшісі А.Тулегенова «Денсаулығы ғаламның денсаулығы адамның», 3-сыныпта А.Бекмырза «Біз денсаулықты қолдаймыз» тақырыбында ашық тәрбие сағаттарын өткізді. 1 желтоқсан Тұңғыш Президент күні қарсаңында мектепшілік «Тарлан» дебаттық клубының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой алаңы» кезекті дебат ойындары өтті. Қарар: «Заман талабы: ғаламтор мен ұялы телефонның пайдасы мен зияны қандай?» Төрешілер шешімі бойынша 9-11 сынып оқушыларынан құралған «Қыран» фракциясы басым түсті. Білім алушылар мен маргинал жастар арасында деструктивті идеологияның таралуына жол бермеуге бағытталған іс-шаралар жоспарына сәйкес білім алушылардың діни көзқарастарын анықтау бойынша әлеуметтік-педагогикалық диагностика жүргізілді. Мектеп психологы Г.Жұбатқан сауалнама алды. «Бала құқығы-адам құқығы» республикалық айлық аясында құқық пәні мұғалімі Ж.Танай 9-11 оқушылары арасында «Құқық сабақтары-өмір сабақтары» атты танымдық сабақ өткізді. 20 қазан мен 20 қараша аралығында Республикалық «Бала құқығы-адам құқығы» айлығында өткізілген «Түнгі қаладағы балалар» акциясына рейд өткізілді, бейсауат жүргендер анықталмады. Осы шара барысында мектеп тәлімгері Қ.Құлбарақова «Тәуелсіз елдің ұрпағы» атты балалар өкілдіктерінің өкілі мен көшбасшы балалармен кездесу өткізді. «Мейірімділік балалар көзімен» атты сурет байқауы өтті және «Балалар не туралы армандайды?» атты «Үздік пост», «Үздік блогер» анықталды. «Жалпыадамзаттық құндылықтар» күні аясында мектеп оқушылары мен ата-аналардың белсенді қатысуымен, адамның рухани әлеуетін көтеру мақсатында өткізілген бірқатар шараларға өзін өзі тану мұғалімі А.Ақылбекова шолу жасалды. Әйтеке би ауданы ПБ ЖПКБ УПИ полиция капитаны Д.М.Әбдірахман 8-11

сыныптар арасында Отбасындағы зорлық зомбылыққа жол бермейік!» тақырыбында әңгімелесу өткізді. 1 желтоқсан Дүниежүзілік «СПИД-ке қарсы күн» тақырыбы аясында мектеп оқушыларына түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Мектептің биология пәні мұғалімдері А.Кәдірбек пен Н.Құмақбаева оқушыларға ЖИТС-тің алдын алуға арналған бейнежазба көрсетті. 9-10 сыныптар арасында А.Тулегенова тәрбие сағатын өткізді. Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті күніне орай Қазақстан Тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша іс-шаралар жоспары жасалды. Технология пәні мұғалімі А.Ақылбекова қолөнерден көрме жасады. Барлық сыныптарда «Тәуелсіздік-тұғырым» атты бірыңғай тәрбие сағаттары өтті. Мектеп кітапханашысы Е.Салмағанбетов «Ғасырдың керемет азаматы» атты кітап көрмесін ұйымдастырды. «Тәуелсіздік-болашағым» атты патриоттық әндер челленджі өтті. А.Бекмырза «Елін сүйген Елбасы» атты тәрбие сағатын өткізді. Тарих пәні мұғалімі Ж.Танай «Тәуелсіздіктің 7 қыры» циклы бойынша 5-6 сыныптарға «Болашаққа бастар жол» аты деректі фильмін көрсетті. 16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай Қазақстан тәуелсіздігінің құндылықтарын насихаттау бойынша Г.Жұбатқан патриоттық өлеңдер челленджін ұйымдастырды. А.Қалжанова «Тұңғыш Президент Елбасы-тәуелсіз елдің мақтанышы» атты пікірсайыс жүргізді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қарсаңында «Жемқорлық-індет, жою-міндет» атты ақпараттық сағат өтті. «Игі істер» марафоны ұйымдастырылып, мектеп ұстаздар демеушілігімен және «Ниет» еріктілер клубының ат салысуымен ауыл тұрғындарына көмек көрсетілді. «Тәуелсіздік елімнің еркін жолы» атты кітап көрмесі жасалды. «Жас Ұлан» және «Жас Қыран» ұйымына оқушыларды қабылдау салтанатты жиыны болып өтті. «Тәуелсіздік жетістіктері» атты аулымыздың ақсақалдар алқасының төрағасы Аяғанов Мейрамбай ақсақалмен сұхбаттасып, Тәуелсіздіктің оңай келмегенін, қазіргі уақытта жастарға білім алу керек екенін айтты. Жаңа Жылдық тәрбие сағаттары өткізілді. Ата-аналармен жалпы мектепшілік жиналыс өткізілді.

Қаңтар айында мектепте Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытының «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы бойынша Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күні қарсаңында «Жемқорлық-індет, жою-міндет» атты ақпараттық сағаты өтті. 17 қаңтар 21 қаңтар аралығында қазақ тілі мен әдебиеті апталығы өтті. Апталық барысында қабырға газеттері ілініп, «Көңілді тапқырлар», «Тіл білгірі», «Ойлы болсаң, озып көр» атты сайыстар өткізілді. 25-қаңтар күні мектепшілік «Тарлан» дебаттық клубының ұйымдастыруымен «Ұшқыр ой» алаңы кезекті дебат ойындары өтті. Қарар: «БП адамдар бір бірімен бәсекелесуге құлшынысы жоқ әлемді таңдайды". Төрешілер шешімі бойынша 9-11 сыныптардан құралған «Дарын» фракциясы басым түсті.

Ақпан айында мектепте Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағытының «Адал ұрпақ-саналы ұрпақ» жобасы бойынша

7-8 сыныптар арасында «Жемқорлықтың тарихи тамыры» атты тәрбие сағаты өткізілді. 31 қаңтар мен 5 ақпан аралығында мектептің жас мұғалімдері арасында «Жарқын болашақ иесі -бүгінгі жас маман» атты апталық бастау алды. «Жарқын болашақ иесі -бүгінгі жас маман» атты апталық аясында мектеп психологының ұйымдастыруымен «Жас маманның бейімделуі» психологиялық тренингі болып өтті. Осы апталық аясында «ZhasStars» үстел теннисі болып өтті. Ойын ұлдар және қыздар командасы болып екіге бөлінді. Жастар апталығы аясында «Ұстамы жақсының ұстамы жақсы» атты жас мамандар мен тәлімгерлер арасындағы коучинг өткізілді. Осы апталық аясында «Қызық екен» интеллектуалды ойыны болып өтті және «көңілді старт» эстафетасы болып өтті. Жастар апталығы аясында «Жас маман» байқауы және «Мамандығым- мақтанышым» вебинар тренинг-ұйымдастырылды.

Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша 5- сынып оқушыларына «қазақ поэзиясының Хан тәңірі Мұқағали» атты тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылар ақынның сөзіне жазылған бірнеше туындыларды орындады. «Балалар жылына» орай жоспарға сәйкес «Ғасыр ақыны Мұқағали Мақатаев» атты әдеби кеш өтті. Кеш барысында ақынның өлеңдері мен әндері орындалды. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында жоспарға сәйкес теннистен және тоғызқұмалақтан жарыс өткізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 2022 жыл 17 қаңтар 2-67 хатына сәйкес Әйтеке би аудандық білім бөлімінің 19 қаңтардағы шығыс хатына сәйкес «Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет» тақырыбында атааналар жиналысы өтті. Жиналыс барысында құқықбұзушылықтың алдын алу мәселелері айтылды. «Мектеп парламенті» еріктілер тобының ұйымдастыруымен ауыл тұрғындарын «Біз біргеміз!» акциясы арасында мейірімділік пен қамқорлыққа шақырып, «Жақсылық жасауға асығайық!» атты үндеу қағаздарын таратты.

«Балалардың жолдағы қауіпсіздігі» акциясы негізінде 1-11 сыныптар аралығында тәрбие сағаттары өткізілді. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Құтыру ауруының» алдын алу үшін сақтық шаралары жүргізілді. Сынып жетекшілер оқушылардан диктант жұмысын алды.

1 ақпан мен 10 ақпан аралығында Республикалық деңгейде жоспарланатын «Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы» апталығы бастау алды. Апталықтың ашылу жиынында «Өзін-өзі тану» бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының шығармашылығы таныстырылды. 1 ақпан күні жалпы сынып сағаттары өтті. «Өзін-өзі тану» бағдарламасының авторы Сара Алпысқызының қызметі туралы кітапхана көрмесі ұйымдастырылды. Апталық аясында 10 сынып оқушыларына «Сүйіспеншілік өмір негізі» атты рухани танымдық сабағы өткізіліп, қабырға газеттері ілінген болатын.

Наурыз айында «Рухани адамгершілік» тәрбие бағытының «Адамға қуаныш сыйла» акциясы бойынша 1 наурыз Алғыс айту күніне байланысты іс-шаралар өткізілді. «Ризашылық» мейірімділік акциясы барысына «Қоғамға қызмет: еріктілер клубы мүшелері және мектепшілік «Тарлан» дебаттық клубы белсенділерінің, мектеп парламенті мүшелерінің қатысуымен қайырымдылық шарасы өткізілді. Түскен ақшаға балаларға тәтті үлестірілді. Мектеп парламенті мүшелері алғыс айту күніне безендіру жұмыстарын жасап, мектеп қызметкерлерін құттықтады. Мектебімізде құрылған «Сымбат» аналар клубы мен «Ақ әже» әжелер мектебі мүшелерімен кездесу ұйымдастырылды. Оқушылар би билеп, ән салды. Оқушылар сыйлықтарын аналарына сыйлады. Аналарымыз кездесуде тәлімі мол әңгімелермен ой бөлісті.

8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізді тәрбие сағаттары өткізілді. Ақтөбе облысының нөмірі 2/705 шығыс хатына орай сыныптарда сынып жетекшілер «Ұрпақ саулығы ұлт саулығы» атты тәрбие сағаттарын өткізді. Мектеп психологы танымдық видео көрсетіп, дөңгелек үстел өткізді. Мектебімізде наурыз мерекесі қарсаңында өткізілетін іс-шаралар жоспары жасалды. Жоспарға сәйкес «Көрісу күні» атты тәрбие сағаттары өтеді.

Мектебімізде сәуір айында ғарышкерлер күніне орай «Ғарышқа түрен салған қыран қазақ» атты тәрбие сағаты өтті. Дебат жетекшісі А.Кәдірбек «Барлық жағынан жетістікке жетудің сыры неде?» және «Жаз айларын дасақтық шараларын сақтай білеміз бе?» атты дебат отырысын өткізді.

Мамырда «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем-Қазақстан» атты фестиваль өтті. Онда сыныптар әр ұлттың киімін киіп, тағамын жасап, биін биледі, әнін шырқады. «Сыңғырла, соңғы қоңырау» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Барлық сыныптарда «Қауіпсіздік шаралары; Судағы қауіпсіздік ережесі мен жүріс-тұрыс қағидалары» атты сынып сағаттары өткізілді. Ата-аналардан қолхат алынды.

Тәрбие ісінің орынбасары:



С.Жумагулова.